

**Педагогикалық кеңестің  
№ 2 хаттамасы**

**Өткізу мерзімі:** 2025 жыл 27 қараша

**Тақырыбы:** «Ұлттық тәрбие негізінде балалардың адамгершілік және тілдік-танымдық қабілеттерін дамыту»

**Қатысқан:** педагогикалық ұжым

**Күн тәртібінде:**

1. №1 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдерінің орындалуы.  
Меңгеруші м.а. А.Абдукадирова
2. Таныстырылым «Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын дидактикалық материалдар дайындау»  
Инновация әдіскері А.Абдукадирова
3. «Ұлттық ойындар арқылы баланың ой-өрісін дамыту»  
Тәрбиеші : Л. Акниязова
4. Баяндама: «Баланың балабақшаға бейімделуі»  
Психолог: Г.А.Мундыбекова
5. № 2 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған ашық іс - әрекеттерінің анықтамасы  
Әдіскер Л. Дуйсекулова
6. №2 педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту  
Меңгеруші м.а. А. Абдукадирова

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша сөз бастаған балабақшаның меңгеруші м.а. А.Абдукадирова педагогтерді №2 педагогикалық кеңестің күн тәртібімен таныстырып, №1 педагогикалық кеңестің шешімінің толыққанды орындалуына тоқталды. Педагогтердің өз қызметтерін үлкен жауапкершілікпен атқарып жатқанын айтып өтті. Күн тәртібінің дұрыс сақталуына көңіл бөліп, ата-аналармен тығыз байланыста болуға шақырды. Тәрбиеленушілердің денсаулығын қадағалауды басты назарға алуды ескертті.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша балабақшаның инновация әдіскері А.А.Абдукадирова «Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын дидактикалық материалдар дайындау» бойынша таныстырылымын көрсетті. Әр топтың жас ерекшелігіне сай бес дағдыны дамыту мақсатында өзінің тиімділігі бар дидактикалық ойындарды іс-әрекеттер барысында қолдану керектігін ескертті. Дидактикалық ойындарды ойнау арқылы балалар жан-жақты дамып, сөздік қорлары молайып, бір-бірімен тығыз қарым –қатынасқа түсетінін түсіндірді. Бұл

ойындарды балалар жеке және топтық жұмыстарды іске асыру барысында қолданудың маңыздылығын және ойнап отырып ойландыратын ойындар арқылы зияткерлік қабілеттерінің артатынын сөз етті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақшаның тәрбиешісі Л.Акниязова «Ұлттық ойындар арқылы баланың ой-өрісін дамыту» тақырыбындағы баяндамасымен бөлісті. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыра отырып барлық педагогтер қауымын күнделікті бала бойына сіңіріп отырған ұлттық құндылықтарымызды кеңінен насихаттауға шақырды. Мектепке дейінгі жаста баланың бойына қандай құндылықтарды сіңіретін болсақ есейген кезде де сол құндылығын сақтайтынын, елінің патриоты болатынын сөз етті. Ұлттық ойын ойнай отырып балалардың патриоттық сезімдерін ояту, ұлттық құндылықтарымызды бала бойына сіңіру тиімді болатынын атап өтті. Ойын ойнау арқылы балалар ауызбіршілікке, татулыққа, достыққа тәрбиеленетінін және ой-өрісі дамып, зияткерлігі артатынын тереңінен түсіндірді.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша сөз алған балабақшаның психологі Г.А. Мундыбекова «Баланың балабақшаға бейімделуі» тақырыбындағы баяндамасымен бөлісті. Оқу жылының басынан бері бақылауға алған балалардың бейімделуіне тоқталды. Әр баланың жас ерекшелігіне байланысты бейімделуі де әр түрлі болатынын түсіндірді. Жалпы бейімделу жеңіл, орташа, күрделі болып үш түрге бөлінетінін және жалпы есеппен алғанда 2025-2026 оқу жылында қабылданған тәрбиеленушілердің бейімделуін орташа деңгейде бейімделгенін сөз етті. Бала балабақшаға тез бейімделуі үшін отбасында ата-анасының да ықпалы өте зор екенін түсіндіріп тәрбиешілерді балаларға мейірімді болуға шақырды.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Л. Дуйсекулова № 2 педагогикалық кеңеске ұйымдастырылған ашық іс - әрекеттерінің анықтамасына тоқталды. Ашық ұйымдастырылған іс-әрекет барысында ұсынылған жаңашылдықтарды күнделікті іс-әрекетте жандандыруды, кеткен кемшіліктердің орнын толтыру үшін нәтижелі жұмыстар жасап, алдағы уақытта өз істеріне үлкен жауапкершілікпен қарауды тапсырды. Тәрбиеленушілерді ойната отырып бойларына ұлттық құндылықты, ұлттық тәрбиені сіңіруді, патриоттық сезімдерін оятуды ұсынды.

**Шешімдер қабылданды:**

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде қолданылатын дидактикалық материалдар дайындалып, күнделікті іс-әрекет барысында тиімді қолданылсын

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер

2. Тәрбиеші Л. Акниязованың «Ұлттық ойындар арқылы баланың ой-өрісін дамыту» тақырыбындағы әдістемелік ұсынымына толықтырулар енгізіліп, қаңтар айындағы сараптамалық отырысқа ұсынылсын.

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиеші

3. Балабақшаға бейімделу процесі күрделі балалармен жүйелі жұмыстар жүргізілсін.

Жауапты: педагог-психолог, тәрбиешілер

4. Ұйымдастырылған іс-әрекеттер үлгілік оқу бағдарламасына сай жүйелі түрде ұйымдастырылсын.

Жауапты: әдіскерлер, тәрбиешілер, педагогтер

5. Осы шешімдердің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

**Меңгеруші м.а:**

А.Абдукадирова

**Хатшы :**

А.Косбармахова